



**«ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

**IV Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары**

**2023 жылдың 16-17 ақпаны**

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»**

**Материалы  
IV Международной научно-теоретической  
конференции**

**16-17 февраля 2023 года**

**«ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY»**

**Proceeding  
of the IV International Scientific-theoretical  
Conference**

**February 16-17, 2023**

**Астана/Astana, 2023**

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МНВО РК

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ»**

Материалы IV Международной научно-теоретической конференции

16-17 февраля 2023 года

Астана, 2023

УДК 1/14  
ББК 87.0  
А 52

**Редакционный совет:**

Е.Б. Сыдыков, Б.Ж. Сомжүрек, К.А. Медеуова, К.С. Ермагамбетова,  
А.Ч. Рамазанова, Д.Т. Толгамбаева

**A52**

**Актуальные проблемы мировой философии:** Мат-лы IV Международной научно-теоретической конференции (16-17 февраля 2023 г., Астана, Казахстан). – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023. – 437 с.

**ISBN 978-601-337-860-2**

В сборнике представлены материалы IV Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии», посвященной 90-летию академика НАН РК ЖАбайхана Мубараковича Абдильдина, лауреата Государственной премии КзССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова, кавалера ордена «Барыс» II степени и кавалера ордена «Барыс» III степени.

В рамках конференции работали секции «Философия и современность», «Этика и моральная ответственность в современном мире» и «Казахская философия в контексте современных реалий: проблемы и перспективы».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубараковича Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК 1/14  
ББК 87.0

ISBN 978-601-337-860-2

© ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2023

as the opposite of them: death, illness, suffering, ugliness, impotence, poverty, obscurity, ignorance...» [4, p.2]

So, there are two trends in stoic ethics. One of them sings the praises of the abstract ideal – the sage, the other pays tribute to a speculative and active person acting according to the laws of the Logos.

Epictetus, who also thought about true freedom, came to the conclusion that that person is free who lives the way he wants. At the same time, the fatalistic views of the Stoics, their humility and the impossibility of changing fate limited the understanding of responsibility and freedom, reducing these concepts to a minimum. The ancient Stoic Cleanthes believed that responsibility and obligation belong to human inner inclinations, that is, it exists in the inner world of any person from his very birth. The development of a person that has reached perfection is virtue, and a life in harmony with nature is a virtuous, right life. «Accordingly, the ancient philosopher believed that the highest goal both in each individual rational being and in the whole world is the activity of the mind in the sphere of its immediate and versatile reality» [5, p.233]. But since man is a bodily being, for him external things remain the material with which his activity is connected. It follows from this that the purpose of the mind is to create a system of material principles, criteria, with the help of which, in each individual case, it would be possible to determine the degree of responsibility that a person will bear.

Thus, when evaluating and rethinking the thoughts of ancient philosophers on understanding responsibility and obligation directly in civil society, in society, we conclude that they perceived responsibility more as a voice of conscience and were convinced that responsibility is inextricably linked with freedom, goodness, duty and law. Nevertheless, it was precisely those first ways, reasoning, thoughts that were the first layer for opening a huge highway in this philosophical direction.

#### References

1. Filosofiya Sokrata S.1// elektronnyaya biblioteka [Elektronnyj resurs] URL:<https://students-library.com/library/read/18658-filosofia-sokrata> (data obrashcheniya: 10.05.2018).
2. Platon. Zakony // Sobranie sochinenij v 4 t. T. 1. -M.: Mysl', 1994.
3. Aristotel'. Nikomahova etika // Sochineniya: V 4-h t. T. 4. M.: Mysl', 1984.
4. Uchebnik po deontologii, Glava 1: Istoki dolzhenstvovaniya v chelovecheskom bytii // elektronnyaya biblioteka Rossijskogo gosudarstvennogo social'nogo universiteta URL:<https://studfiles.net/preview/4645508/page:2/> (data obrashcheniya: 10.05.2018).
5. Arneson, Richard, 2003, “The Smart Theory of Moral Responsibility and Desert”, in Serena Olsaretti (ed.), Desert and Justice, Oxford: Clarendon Press.

**ҒТЗМР 02.51.45**

**Калназаров Абылайхан Мамырайханович**

*PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*

*Астана, Қазақста*

*abylaikhan.qalnazarov@gmail.com*

#### **ШӨГЕ БАЛУАН ОБРАЗЫНЫҢ АҢЫЗ-ШЕЖІРЕ АРҚЫЛЫ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ REPRESENTATION OF THE IMAGE OF THE FIGHTER SHOGE THROUGH MYTHS AND LEGENDS (SHEZHIRE)**

**Abstract:** *The problem of Kazakh statehood is becoming more and more urgent. Especially when the first euphoria since independence dissipated and the immature popular ideas were left behind. Kazakhstan as an independent country has gained some experience, and the need to rely on and delve into the images of the past has also increased. The development, study and analysis of political systems, symbols and values, ideas in a historical, cultural, philosophical context began. In accordance with the specifics of the writing of the Great Steppe, based on oral history, the*

*materials cannot be deeply comprehended without mythology and legend. The role of political representation is significant.*

*Representation is a philosophical concept, the scientific geography of which is very extensive. Its general definition is "the representation of one in the other and through the other." The image, being also one of the main philosophical concepts, is a set of concepts as the meaning of this representation.*

*Myths are archaic stories about heroes in their purest form and information reflecting the picture of the world, including from the ancient states of the nation. In historical times, myths, legends and images of the past can serve as a kind of channel of statehood. On the one hand, it paves the way to the formation of reference behavioral models that provide interpretation of what is happening in society at the present stage and interpretation through the prism of the past and help self-determination.*

**Key Words:** *statehood, image, myth, legend, representation, ideology*

Атақты Шөге балуанға қатысты ел ішінде деректер басқа күш алыптарына қарағанда біршама жақсы сақталған. Бұған ақын, ағартушы А.Байтұрсынұлы өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі ретінде таныған «рулық шежірелер», ел жадындағы «сауықтама» аңыз және тарихи әңгімелердің образдық репрезентациясы себеп болып отыр.

Ең алдымен, ол жалпыұлттық қаһармандар тізіміне еруге үміткер аймақтық персонаж ретінде мемлекетшіл-ұлыстық идеологиялық құндылықтарды өз тұлғасы және өнегелі өмірімен ұсынып, заманауи қазақ жұртшылығының санасында өз атымен туындататын дискурсы және ассоциацияларымен зерттеушілік қызығушылық туғызады. Ғалым П.С. Шаблейдің «Символические формы репрезентации истории Казахстана и современность» мақаласында айтпақшы, әдетте халық тарапынан тарихи білімнің көрнекілігін күшейту, дүниетанымдық парадигмалар, күнделікті өмір категориялары, дәстүрлі моральдық-этикалық нормалар иерархиясына орналастыру ыңғайлылығы үшін біреу туралы немесе бірнәрсе туралы жалпыланған символдық танымдар жасалады. Олар жеке адамдардың, көпшіліктің интеллектуальды яки өмірлік тәжірибесіне негізделіп, өз бойларына идеяны жеткізу, образды ілгерілету әдіс-тәсілдерін сініреді [1]. Ал бұл соның жарқын мысалы.

Түп-тегі – Қоңырат Құлшығаштың ішіндегі Өтеуіл атасының Қайдауылынан [2]. Шөге 1850 жылы Сыр өңірінің Арыс аймағындағы Ойғанак, Сарыарықтың бойында туып, жерлестері мен ағайындарының жеткізуінше, шамамен 1910-1913 жылдардың айналасы «итжеккенде» дүниеден өткен.

Мәлім болғандай, репрезентация (лат., *repraesentatio*, *re*, және *praesentare* деген сөздерінен шыққан) – адамның көргенін, естігенін, сезінгенін (перцептивті тәжірибе) уақыттың, есте сақтау жағдайының, эмоциялық ахуал әсерінен ұсынылған ақпаратта мүмкін болатын өзгерістермен қайта жаңғырту. Философия, тарих, психология, мәдениеттану, әлеуметтануда, жалпы әлеуметтік-философиялық танымда кеңінен қолданылатын көп мағыналы ұғым [3].

Шежіре – (араб. шәджәрә) – халықтың құрамына кіретін тайпа-рулардың тегін таратып, бір-бірімен туыстың дәрежесін айыратын тізбе. Шежіре негізінен қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылады, көлемі әрқалай боп келеді. Арғы ата-бабалардың, тайпа, рулардың басталуы, таралуын көрсететін тізбе шежіренің және бір мағынасы бойынша, ол – тарихи жазба ескерткіш [4]. Екінші жағынан оның өз табиғаты бойынша аңыз-әфсаналық сарынға етене болуы себепті мифологиялық сипатқа иелігін де айта кету керек.

Аңыз – ел, тайпа, рудың шыққан тегі, кешкен жолы хақындағы немесе тарихта болған әйгілі адамдар турасындағы тарихи шындыққа негізделген, көркемдік сипат алған фольклорлық, прозалық жанр [5].

Тарих жүзінде белгілі адамдар, нәрселер, уақиғалар турасында сөйлейтін әуезелер «тарихи әңгіме» деп аталады. Тарихи әңгіме тек лақап әңгімеден мазмұнның шындығымен айырылады. Жұрт аңыз қылып айтып жүрген әңгімелердің өтірігі көп болады. Тарихи әңгіме тарих асасына сүйенетін шын әңгіме болады [6].

Өз кезегінде айтулы палуан туралы мағлұматтар осы қабаттардың барлығын қамтиды және Шөгенің өмірінен хабар беретін өлең-жырлардың молдығы да қуантады. Тіптен, Арыс пен Отырар жұртшылығының көнекөздері арасында әлі күнге оларды маржандай тізіп, жатқа айтатындар баршылық.

Шежіре жағынан айтар болсақ, Бейсенбай Сүлейменов және басқа да атпал азаматтардың жетекшілігімен «Ақмырза әулеті» атауымен әр жылдары жарық көрген («Әл-Фараби» баспасы, 1996 ж./«Ұзын Ата» қайырымдылық қоры, 2018 ж./«Асқаралы» баспасы, 2018 ж./ЖШС «Литера-М» баспасы, 2020 ж.) шежірелік-тарихнамалық кітаптар, ал жыр жағынан Құлыншақ Кемелұлы, Байырбек, Ергөбек Құттыбайұлы сынды ақын-шайырлардың толғаулары сөзімізге дәлел. Айталық, бір үлкен жиында Шөге палуан күрес бәйгесінің тең жартысын – екі түйе, екі тайды саңғыл Құлыншақ ақынға жетектетіп, ризашылығын алған көрінеді. Мынау сондағы Құлыншақтың разы болып айтқаны дейді:

Уа, бөрі Ойғанақ, кәрі Ойғанақ!  
Жарасқан Жүнісбектің жайлауындай.  
Бөрі Ойғанақ көзге түртсе байқамайсың,  
Бүркіттің бөтеге жұтар жемсауындай.  
Әй, Абылай, ақылың асқан көкжал едің,  
Сегіз өрім, өрім Ойғанақтың таңдауындай.  
Жеті мың қолды жасыра білген Ақпан батыр,  
Қарашы әулиенің қолдауын-ай!  
Жоңғардың көзін шеп тартып байлауын-ай!  
Жеті мың қол желкесінен тиген кезде,  
Қарасорды ажалға айдауын-ай!  
Әй, Шалқы би, сенен асқан дана бар ма?  
Арқада жатып осыны ойлауын-ай!  
Ал, інім, Шөге палуан!  
Ырза болғын осы тойғаныңа-ай!  
Алты ата Көктің ұлынан тараған Қайдауылым-ай! [2].

Рас, Шөге туралы туған аймағында ғана емес, жалпақ күнгей жұртында «Күрестен алған сыйлықтарын кедей-кепшіктерге, жетім-жесірлерге үлестіріп берген. Сол жомарттығы үшін ел құрметіне бөленген. Ал құдыққа түскен түйе, жылқы сияқты ірі қара малдарды көтеріп шығарып алатын алып денелі адам болған» деген де бағалау сөз барлығын атап өткен жөн.

«Қара күштің иесі, алып тұлғалы болып ержетеді. Күрескенде ешкімді шақ келтірмей жыға береді. Ересек балалар, үлкен кісілер онымен күреспей қашады. Анасы Дулат елінен. Өте қарулы, тұлғалы, қайратты кісі болыпты. Шөге палуан тура сөйлейтін кісі екен. Ел арасында палуандығымен, қара күштің иесі, шапшаң да шебер күресімен даңқы шыққан. Той-жиындарда, үлкен астарда палуандар белдесуіне қатысып, қарсыластарының жауырынын жерге тигізбей қоймаған. Патша өкіметінің саясатының кейбір озбырлығына шыдамай, бай мен олардың «шаш ал десе, бас алатын» жандайшаптарының өрескел әрекеттерін батыл сынап отырған. Сол үшін үнемі қудаланумен жүрген. Ақыры итжеккенге айдалып, сол сапардан оралмайды» [2] деп бұл орайда жалпылама куәлік береді «Ақмырза әулеті» кітабы.

Бұл жердегі итжеккеннің мәні белгілі: Ресей отаршылық бодауы кезеңінде ауыр қылмысты болғандарды жазалап, жер аударатын Солтүстік Сібір жақ. Яғни Қазақ әдеби тілінің сөздігінің 15-томдығына сүйенсек, «Итжеккен – Ресей империясында қылмыс жасағандар және саяси қылмыс жасады деп айыпталғандар жазасын өтейтін қиыр терістіктегі аймақтың қазақ тілінде қалыптасқан атауы. Жергілікті тұрғындардың шанаға ит жегетініне байланысты шыққан» [7]. Ал «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» кітабында келтірілген тұжырым бойынша «Итжеккен – қылмысты деп табылып, жер аударуға кесілгендерді жіберетін Ресей империясының қиыр

солтүстік бөлігінің қазақы атауы. Осы үрдісті итжеккенге айдалды немесе Сібірге жер аударылды деп те атады» [8].

«Ресейдің қол астына өткеннен кейін қазақ даласында дәстүрлі билік біртіндеп патша әкімшілігінің саяси жүйесіне алмастырылды. Осыған сәйкес елде патша үкіметінің заңдары енгізіліп, сот істері ресейлік заңдар негізінде жүргізілетін болды. Ресейлік сот жүйесінде бас бостандығынан айырып, жер аудару жазасы болған. XIX ғасырда қазақтардың жер аударуға кесілгендері негізінен Ресейдің Сібір, Қиыр Солтүстік, Қиыр Шығыс бөлігіне жіберілетін болған. Қиыр Солтүстікке жер аударылудан оралған қазақтар жергілікті тұрғындардың иттерді шанаға жегетіндігіне ерекше танданып айтатындығына байланысты бұл аймақты итжеккен деп атап кеткен» [8] дейді аталмыш жобаның ұжымдық авторлары.

Мұнда кез келген қарапайым жанның басына келетін бірінші ой: «Ол жаққа да бекерден бекер жібермейді. Қазақтың талай асылының басын жұтқан тажал жер. Палуан соншама несімен жазықты болды?» деген сауал өз-өзінен сұранып тұрғандай ма, қалай? Қанша дегенмен, сол шақ үшін де аса ауыр айдау, қандай да бір қылмысы үшін жер аудару тым қатыгез жаза емес пе?

Өкінішке қарай «Ақмырза әулеті» кітабы сериялары осы жағына құнттап дерек бермей, тек итжеккеннен оралмағанын ғана түйіп, мұның қалай болғанын тәптіштеп өтпеген. Неге екенін, артындағылардың да сөз ауаны негізінен соның айналасында.

А.Байтұрсынұлының да шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түсі, туындысы көп айтылатынын, сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе табына жататынын ескерте келіп, оның кемшін тұстарына тоқталғаны осы болса керек. Яғни Шәкерімнің «Қазақ әм хандар шежіресі» кітабындағы тек хандардың түсі мен туыстық белгілерін ғана тізіп, болған оқиғалардың түп себептері көрсетілмегені тәрізді бұл жолмен Шөгениң де неліктен итжеккенге айдалып кеткенін анықтай алмаймыз.

Дейтұрғанмен бұның мәлімет-дерегін сол Шөгениң қандасының тағы бірі, Халық ақыны Әселхан Қалыбекованың өз атасы, ақын Ергөбек Құттыбайұлы туралы Алматыда 2011 жылы басып шығартқызған «Ергөбек» шығармалар жинағынан табамыз. Атап айтқанда, онда «Ергөбектің айдалғанда айтқаны» деген бөлім бар. Оның ұзын-ырғасы былайша өрбиді:

Ақ патша тұсында Ресейде әскер қатарында қызмет ету мерзімі ұзақ, ауыр болған. Сондықтан орыстар ұлдарын әскер қатарына жіберуге ықыласты болмаған. Мүмкін болса жібермеуге немесе қысқа мерзімде қайтарып алуға әрекеттенген. Оның оңай жолы бұратана елден астыртын сәби ұрлап апарып параға беру болған. Егер қазақтың бір сәбиін ұрлап параға берсе, орыстың екі ұлын денсаулығы, отбасылық жағдайы келмейді деп әскерден босатады екен. Сондықтан орыс ақсүйектері өзінің жансыздары арқылы қазақ сәбилерін ұрлатып ала бастаған. Осындай сұмдық надандық істер ең бірінші Сыр бойы, Жетісу жерінен бастап Арқада белең ала бастайды. Бұған халықтың ашу-ызасы келіп, Әбу-Садық бас болып ояз, болыстарға қарсы шығады. Жағдайдың шиеленіскенін сезіп, Ақпатша қылмысы әшкере болған кейбір ояздарды қазақ даласынан аластатып, ұрланған жас сәбилерді қайтарып беруге

мәжбүр болады. Заты пірсиян Түлкібай болыс патшаның жақсы дайындалған жансызы болып шығады. Қазақ арасына «ұлтым – ноғай» деп сіңісіп кеткен оны ел «Танноғай» деп атаған. Танноғай майда тілді, шарифатты өте жақсы білетін, сонысымен айналасын үйіріп әкететін болған. Оны жұрт қу тілділігіне қарап Түлкібай деп атап кетеді. Түлкібайға жүктелген басты міндет Ресей империясының отаршылдық саясатын қазақ арасында байқатпай жүргізу. Осы орайда келген ояздар Түлкібаймен тіл табысқыш болады. Ояздар бір келгенде Түлкібайды болыстыққа сайлайды. Айнала жұрт бұл істі бас иіп құп алады. Міне, осыдан бастап төрт айлық сәби мен бір жарым жастағы балдырғандар ұрлана бастайды. Ақыры бұл зұлымдық Арқаға да жетіп, онда да сәбилер жоғалады. Мұны Арқаның азаматтары Қытай, Қоқанның саудагерлерінен көреді. Кейіннен Ташкент саудагерлері Қайдауыл Шөге палуанға шындықты айтқанда, палуан тура Түлкібай болыстың өзіне барып бас салады. Сол күні-ақ, оязға тіл тигізді, болысты сабады деп Қайдауыл

Құлшығаш Шөге палуанды итжеккенге айдатып жібереді. Осы оқиғадан кейін ашынған Ергөбек Түлкібаймен бетпе-бет келіп, осындай қылмысты астыртын істейтінін ел алдында бетіне басады. Оған алғашқыда ел сенбей ақынның өзін кінәлайды. Түлкібай ақынды ұстатып, «маған жала жапты» деп қолына кісен салдырып, түркімен жаққа айдатып жібереді. Ол түркіменнің Табаншөлінде екі-үш жыл түйе бағады. Сондағы Ергөбектің дегені:

Қырықтың сегізінен асқанымда,  
Қара бұлт үйірілді аспанымда.  
Айтқаным сәбилердің көз жасы еді,  
Жақпады қызыл тілім қос залымға.  
Айдалдым түркіменге, Табаншөлге,  
Жала жапты жол баққан арам шөнге.  
Болғаннан соң ажалсыз аман келдім,  
Тартады екен осылай залал пенде.  
Айтқаным сәбилердің көз жасы еді,  
Менің халім арғыға озбас еді.  
Тумай жатып түлкі жеп балапанын,  
Сорлы қазақ тоз-тоз боп тозбаса еді.  
О, пірсиян залымдар, құдай көрсін,  
Ақыретте айыптап, жазан берсін.  
Ақ-қараны өттің-ау айыра алмай,  
Иіс сезбес қазағым, қандай елсің? [9].

Бүгінде ақын жырына осылай арқау болған палуан сүйегінің нақты «итжеккеннің» қай тұсында қалғанын тап басып айту қиын. Мысалы, оған қарағанда күнгейге етене қыпшақ Төлебай батырдың Кенесары қозғалысы тоқтағасын біраз уақыт Түркістанда болып, артынан Қызылжарда қолға түсіп, Үркітте (Иркутский) айдауда жүріп қаза тапқаны мәлім. Ал заманы берірек болса да Шөгеге қатысты тырс еткен сыбыс жоқ. Алдына атап өткендей, бұл географиялық атау болудан бұрын сол кездегі қазақ санасын билеген таза этнографиялық ұғым. Жоғарыда айтпақшы, «Дәстүрлі қазақы ортада қазақ азаматтарының аталмыш аймақтарға жер аударылуын «итжеккенге айдау» деп атаған. Итжеккеннің қатал табиғаты мен адам төзгісіз тәртібіне шыдамаған бас бостандығынан айырылғандардың көбісі қазаға ұшырап отырды. Көшпелі ортада итжеккенге айдалудың Барсакелмеске теңелгендігі сондықтан» [8]. Осы себепті, Шөге алып та көненің аңыз-ертегілік, мифтік-қиссалық батырларындай Барсакелмеске кеткенге есеп.

Әдебиетші, этнолог Абдулла Жұмашевтың «Отаршылдыққа қарсы күрестің от жалынына оранған ақын» еңбегінде жазбақшы, бұл оқиға Ергөбек ақынның «Қырықтың сегізінен асқанымда» деуіне қарағанда 1913 жылдары, яғни Бірінші дүниежүзілік соғыстың алдында болған. Олай болса, соғысқа дайындық ретінде патша армиясына қосымша адам ала бастаған осы тұста «Орыс ақсүйектері қазақтың бір сәбиін ұрлап параға берсе, орыстың екі баласын әскерден калдырады екен» деген Ақпантай Байғұтовтың әкесі –сыпыра шежіреші Әлиасқар қариядан жазып алған дерегінің ақиқат екені даусыз.

Сондай-ақ этнолог ақынның айдаудан қайтып келгеннен кейін, сағынып қауышқан қалың жұртқа:

Кісендеп ұстатып ең сарыалқымға (орысқа),  
Уа, ағайын, қалайсың, амансың ба?  
Турасын айтамын деп Түлкібайға,

Ақының айналды ғой бодан құлға, – деп жат қолында жаны шырылдап кеткен жас сәбидің көз жасы үшін Түлкібай болысқа турасын айтамын деп орыстың кісенінде кеткенін, осындайда ақынына ара түсе алмаған ел жақсыларына жүрегінде шер болған өкпе-назын білдіргенін куәландыратындар барлығын атап өтеді.

«Ергөбек өзінен бұрын да Шөге деген палуанның осы сорақы тағылық әрекетке қарсы шығып, яғни Түлкібайдың астыртын бала ұрлаттырып, орыс асырып жіберетін қарақшылық әрекетін Ташкент саудагерлерінен естіп, ақиқатын білгенде оны ұясындағы сарыөзек



балапандарын жалмап жатқан айдаһарға түскен бүркіттей бүріп, бас салып, қанжоса етіп сабап, сонысы үшін итжеккенге айдалған ерлік ісін:

Қайран Шөге палуан Қайдауылдан,

Ол да мендей шырылдап қан жұтып ед, – деп паш ете отырып, өзінің де, Шөге палуанның да бұл құлдық күйге түсуінің негізгі саяси-әлеуметтік себеп-салдары Ресей империясы орнатқан отаршылдық жүйеде жатқанымен, оның бір шеті оған қарсы күресте дәрменсіздік танытқан өз жұртында екенін пайымдайды.

Қонырат пен Дулаттың тілі жоқ қой,

Сәбиін тірі алғызан сарыалқымға, – деген жан айқайымен мұны жеткізе отырып, Сарт сипатпас құндағын сары орысқа,

Тірелсе де ұлы үшін жаны алқымға, – деп ашынған ақын Қонырат пен Дулаттың жақсыларына құдайына салса, құндағына шаң жуытпас, бауыр еті бала дегенде рухы асқак көрші сарттан садаға кетейік дегенді меңзейді.

Дегенмен ақын:

Керейде Әбу-Садық сөйлегенде,

Ояз бен болыс тілі қырқылды ғой,

Бет болмай ел жүзіне қарар сұмда.

Рахмет Дөңқасқаның баласына,

Табанқұмнан іздетіп мені алдырған,

Болмаса кесілер ем тағы он жылға, – деп орыс ұлықтарынын алдында Ресей империясының адамзат алдындағы бас қылмысы адам ұрлығын бетіне басып, масқаралап, үкімін шығарған Әбу-Садықтай, өзін айдаһардың аранынан құтқарған Дөңқасқадай ерлердің барын мақтан етіп, келер күндерден тәуелсіздіктің лебін сезгендей де болады» [9] дейді тағы да А.Жұмашев.

Бірақ бұл қарсылықтар текке кеткен бе? Нәтижесі не болды?

Академик Жабайхан Әбділдин лепестеген «Мемлекет тірегі – кісілік» демекші, мұның соңы ұрланған сәбилердің ата-аналарына кері қайтарылуымен аяқталған. Сөйтіп, осы жолда шалынған құрбандықтардың өтемі болды. Яғни «Сол замандарда Текқожа, Мұсабек, тағы-тағы Қонырат руынан бірталай батырлар шығып, әлденеше жерде орыстармен соғыс жасайды» деп Сәдуақас ақынның жазғанындай, Текқожа, Мұсабек, Әбу-Садық, Дөңқасқа, Ергөбек сынды т.б. өжет рухты ерлердің тегеурінімен сахардағы сойқанды саясатының қылмысы ашыла бастағанын сезген Ақпатша амалсыздан қылмысы әшкереленіп қалған кейбір ояздарын қазақ елінен аластатып, ұрланған сәбилерді емдеуге алдыртып едік деген жалған желеумен астыртын қайтарып бергізеді [9].

Бір бұл емес, Шөгенің өзге ерлердің елдік санасын оятып, тағы қаншама үлкен істерге бастау болған өрлігі, қайтпас қайсарлығы, сонымен қатар, мейірімділігі ел аузында айтылып келеді. Жұрт аман болса, отырарлық қариялар қадап айтқандай, әлі мың да мың айтыла да бермекші. Жерлестері алып күш пен әдіс иесі, әділдіктің жанашыры Шөге палуанды осы күнге дейін құрмет тұтып қана қоймай, аңыз ғып айтып, үлгі-өнегесін, бітім-болмысын асқан мақтанышпен әңгімелеуден жалықпайды. Бір ғана мысал, Арыс қаласының құрметті азаматы, марқұм Әуезхан Салықбаевтың сөзінше, оның күрескен кезде қарсыласын «Шөк-ә!» деп лақтыратын өзге мықтылардан бір ерекшелігі болыпты. Әруақ демейді, басқа демейді, тап осылай рух алып, арқаланады екен. Бүгінгі жеңісінен жеңілісі басым заманауи палуандарға өз стилін қалыптау үшін ойланарлықтай жайт қой.

Айта кетерлік бір тұс, палуан «Шөк-ә!» деп лақтыратын Шөге» деген тақырыппен 2021 жылы Алматыда жарық көрген «Балуан тас. Балуандар мен күрес өнеріне байланысты аңыз-әфсаналар, қисса-дастандар, ел аузындағы әңгімелер (тарихи деректер)» атты екі томдық кітапта есім-сойы ұмытыла бастаған 500-ге жуық киелі палуандар қатарында қамтылды.

Айтпақшы, бұл жерде де «Алып анадан туады» принципінің жарқын мысалы бар десек артық емес. Сол айта беретін «Ақмырза әулеті» дерекнамасына қарағанда, Шөге палуанның

жойпат алып болуы нағашы-тағаларына тартқандығынан деседі-дүр. Палуанның анасы туралы бұл жазбада мынадай ғажап баян баршылық:

«Дулат елінің қызы деп жоғарыда айттық. Өте ірі денелі екен. Аяғы ауыр кезінде мосымен су әкелуге Арыс өзеніне барып, екі мосыны әккішке іле көтеріп, үйіне бұрылғанда тоғайдың арасынан екі көкжал қасқыр қарсы шығады. Ауыздарын арандай ашып, екеуі екі жағынан шабуылдайды. Иығындағы мосы толы суды жерге қоямын дегенше, қасқырлар азулы тістерін екі балтырына салады. Келіншек оларды тақымының астына алып, отыра кетеді де: «Мынау даланың жабайы күшіктерінің маған өшігуін-ай!» деп жақтарынан екі рет тартып, қауын жарғандай айырып, мойындарын боршалайды. Омыртқасын үзіп, бірінен соң бірін анадай жерге лақтырып тастайды. Денесінен қан сорғалап, оны етегімен сүртіп тұрғанда үстінен түскен ауыл қариясы мына көрініске таң қалады.

Келіншек сасқанынан жалаңаш денесін жасырып, иіле сәлем беріп:

– Ата, мынау сізге байлағаным! Өте жақсы ішік шығады. Даланың тағысы ғой, терісінің құлпырып, түлеуін-ай! – дегенде қария:

– Айналайын-ай, аяғың ауыр екен. Алла қайырын берсін, тілеуіңе жет! – дейді.

Осы мезетте қасына күйеуі жетіп келіп:

– Әй, көксоққан, мен дауыс естілер «Құлар-Тұмсықта» мал жайып жүрмін ғой. Айқайламайсың ба? – деп қамшысымен әйелін екі рет тартып қалады.

Сонда қария:

– Тарт қолыңды, көргенсіз! Қап! Екі көкжал жетектеп келе жатыр еді, енді біреуі «Жырынды» болатын болды, – депті.

Келіншек егіз ұл туады. Біріншісі – есімі Алты Арысқа шарлаған Шөге палуан. Екіншісі – қарақшы болыпты» [2].

Қалай десе де, Шөге бұрынғы-соңғы ел мүддесі үшін күйіп кеткен азаматтар тізбесінде ойып тұрып қазақ тарихынан орын алуға әбден хақылы. «Ер елі үшін туады» демекші, ол да «елімдеп» еңіреп өткен бір ер. Ол тек бір рудың палуаны ғана емес, үлкен елдік-мемлекетшілдік сана мен әрекет иесі ретінде Түркістан өңірінің, қала берді бүкіл Алаштың ар-намысын жоқтаған абзал да ардақты алып тұлғасы. Сондықтан да ендігі тарихшылар мен идеологтар толқыны оны назардан тыс қалдырмай, ел идеологиясының қажетіне жаратады деп үміттенеміз.

Ел ынтымағын арттырып, рухын көтерудің бір жолы – мәдени батырлар түрінде әлеуметтік-саяси идеалдар құру. Олар өз бейнесінде күш-қуат, мызғымастық, халыққа берілгендік үлгілерін біріктіреді және ұлт мүддесі үшін күресудің биік стандарттарын белгілеп, патриотизм сезімін қалыптастырады. Отанға деген адалдықты сақтауға бағытталған рәсім адамдардың өздерін қорғалған сезінуге деген ұмтылысын білдіреді. Саяси сарапшылардың пікірінше, шындық пен ақиқат жаршысы, қорғансызға қамқор және жанқиярлыққа баруға дайын ер-азамат ампуласы, жауапкершілік арқалаған батыл және дана тұлға образы елдің ұйқыға кеткен санасының ілкі архетиптерін тірілте алады.

Қазақстан тарихының қоғамдық санадағы қазіргі заманғы репрезентациясы біздің алдымызда контексттік шартталған және тұтас психикалық және геомәдени образдарды қалыптастыруға бағытталған тарихи білімнің символдық үйлесімі ретінде дамуда. Олардың екеуі ең басым бағыт: тарихы мен мәдениеті бар халықтың образдық бейнесі және қазіргі әлемдік үдеріс аясындағы елдің бейнесі [10, Г.О. Абикеева, *Нациостроительство в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе*]. Бұл ретте Шөге халықтық рухтың проекциясы ретінде айналыс алып келеді. Себебі оның бейнесінде ғылым тілімен айтқанда, тарихи, метафоралық, этномәдени және ассоциативтік рәуіштердің шоғыры мол. Тіптен, бұл жерде оны қазақ мемлекеттілігі, елдігі мен ерлігінің мифтік-шежірелік репрезентативті кезекті символдық формасы деуге де болады.

Ұлттың елдік сана дискурсы үшін де ол сонысымен әрқашан баға жетпестей қымбат болып қала бермек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Шаблей П.С. Символические формы репрезентации истории Казахстана и современность // История и современность. (Журнал) Выпуск №2(10)/2009. – журнал мақаласы
2. Ақмырза әулеті: Жобаның жетекшісі Сүлейменов Б. Шымкент: «Асқаралы» баспасы, 2018. – 722 б. – шежірелік кітап
3. Словарь русского языка: В 4-х т. / РАН, Ин-т лингвистич. исследований; Под ред. А.П. Евгеньевой. – 4-е изд., стер. – М.: Рус. яз.; Полиграфресурсы, 1999. – кітап
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. – 384 б. – кітап
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / Құраст. Т.Жанұзақ, С.Омарбеков, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б. – кітап
6. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: – 384 б. – кітап
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 12-том / Құраст. А.Үдербаев, О.Нақысбеков, Ж.Қоңыратбаева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б. – кітап
8. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б. – кітап
9. Ергөбек. Шығармалары. Алматы, 2011. – 242 б. – кітап
10. Абикеева Г.О. Национализм в Казахстане и других странах Центральной Азии, и как этот процесс отражается в кинематографе. Алматы: ОФ «Центр Центрально-азиатской кинематографии», 2006. – 308 с. – кітап